

МУРАТБАЕВ NEWS

“
МЕКТЕБІМ-
МЕЙІРІМ
МЕКЕНІ”
САЛТАНАТТЫ
ЖИЫНЫ”

Республика
лық
біріңғай
тәрбие
сағаттары

САЙЛАУ ВЫБОРЫ

ГИМНАЗИЯМЫЗДЫҢ
ПРЕЗИДЕНТІ БОЛУҒА СІЗ
ЛАЙЫҚТЫСЫЗ!

ВЫ ЗАСЛУЖИВАЕТЕ СТАТЬ
ПРЕЗИДЕНТОМ НАШЕЙ
ГИМНАЗИИ!

Мектеп Парламенті сайлауы
Выборы школьного Парламента

8-10 сынып оқушылары
арасында

среди учеников 8-10 классов

Тіркеу
Регистрация
25.09-

01.10.2024



«ЖАСЫЛ КЛУБ» ЖОБАСЫ

2024 жылдың 20 қыркүйегінде гимназиямызда «Жасыл клуб» жобасының ашылу салтанаты өтті. Ашылу салтанаты еліміздің әнұранын шырқаумен басталды. Жобаның басты мақсаты оқушылардың табиғатқа құндылық көзқарасын қалыптастыру, экологиялық білім деңгейін арттыру, балалардың қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мәселелері бойынша хабардар болуы, өскелең ұрпақтың табиғатқа жауапкершілікпен қарауына тәрбиелеу, экологиялық сауатты мінез-құлықты қалыптастыру, оқушыларды жан-жақты жобаларға дайындау. Осы мақсатта клуб төрайымы, жетекшілері сайланып, әр топ мүшелері ант қабылдап «Жасыл клуб» мүшесіне қабылданды. Кіші топ мүшелерінің бүлдіршіндері «Жасыл клуб бұрышының» ашылу лентасын қиды. Әр топтың аты, ұраны, эмблема-логотипімен таныстырылды.

ӘКЕЛЕР АРАСЫНДА ВОЛЕЙБОЛ ОЙЫНЫ

Гимназиямызда "Әке жолы - ізгі жол" атты волейбол жарысы өткізілді. Бүгінгі жарыстың бір ерекшелігі ойын оқушыларымыздың әкелері арасында өтті. Мақсаты: салауатты өмір салтын насихаттау, ата-ана мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту, әкелер белсенділігін арттыру. Жарыс салтанатты түрде ашылып, мектеп директоры тәрбие орынбасары Сатенов Қанат Нұралыұлы сөз сөйлеп, қатысушы әкелерге сәттілік тіледі.



ҰЛТ ҰСТАЗЫ – АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ.

Әр дәуірге лайықты кемеңгер адамдар өмір сүреді. Сол секілді қазақ халқының тарихында да болмысы бөлек, терең білім, ақыл парасатымен дараланған ұлы адамдар өмір сүрді. Бір басында сан салалы өнер тоғысқан телегей теңіз энциклопедиялық білім иесі қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, ағартушы педагог, аудармашы, қоғам қайраткері, ХХ ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, композитор, Алаш-Орда өкіметінің мүшесі Ахмет Байтұрсынұлының туылған күніне орай 5-7 сынып оқушыларымен дөңгелек үстел өткізілді. Оқушылар Ахмет Байтұрсынұлы туралы ақпараттармен ой бөлісіп, пікір алмасты.




“МЕКТЕБІМ-МЕЙІРІМ МЕКЕНІ” САЛТАНАТТЫ ЖИЫНЫ

Қыркүйек айының алғашқы күні оқушылар қауымы алтын ұя мектептерімен қауышты. 2024-2025 оқу жылының салтанатты жиыны «Мектебім-мейірім мекені» тақырыбында ұйымдастырылды.

Салтанатты жиынға Жамбыл облыстық мәслихатының аппарат басшысы Абдукасымов Даурен Рахымұлы, ардагер ұстазымыз Сыздықбаева Шолпан Ұзақбайқызы қатысты.

Гимназия директоры Қайпулдаев Арыстанбек Қалыбекұлы барша салтанатты жиынға қатысушыларды білім күнімен құттықтап, жаңа оқу жылына сәттілік тілеп жылы лебізін білдірді.



«АТА – АНА БАҚЫЛАУЫ: БАЛАНЫҢ ИНТЕРНЕТТЕГІ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ» ТАҚЫРЫБЫНДА КЕҢЕЙТІЛГЕН АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.

Отбасы - тәрбие көзі, мектеп - оны шыңдаушы. Білімді ұрпақ тәрбиелеудің ата-ана мен мектептің тығыз байланыс етуі биік нәтижеге жеткізеді. Гимназияда «Ата - ана бақылауы: Баланың интернеттегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету» тақырыбында жалпы ата - аналар жиналысы өткізілді.

Жиналыстың мақсаты: жасөспірімдер арасында қуқық бұзушылыққа жол бермеу. Бала қауіпсіздігіне өте қатты көңіл бөлу. Ұлттық құндылығымызды дәріптеу, бала тәрбиесіне мән беру.

Жиналыска гимназиямыздың директоры Арыстанбек Қалыбекұлы, ЖПҚ инспекторы Танабаев Азат, директордық тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қанат Нұралыұлы, директордың құқықтық тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Нұртілек Жақыпұлы, гимназия психологы Байдуалы Айгерім және ата-аналар қатысты.

«АТА – АНА БАҚЫЛАУЫ: БАЛАНЫҢ ИНТЕРНЕТТЕГІ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ» ТАҚЫРЫБЫНДА КЕҢЕЙТІЛГЕН АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.

Алғашқы сөзді гимназиямыздың директоры бастап, ата-аналарға күн тәртібіндегі мәселелер бойынша толық ақпарат берді.

Жиналыс барысында ата-аналармен кездесіп, пікір алмасу арқылы балалардың ата-ана үшін, мектеп үшін, қоғам үшін маңызды рөлде екенін, балаларға уақыт бөлудің, мейірім мен махаббатқа бөлеудің, тәртіпке шақырудың қандай нәтижеге алып келетінін айқын айтып өтті.

Сонымен қатар, полиция ЖПҚ инспекторы баяндама жасап, оқушылардың, өмір қауіпсіздігі басты назарда екенін атап өтіп, баяндамасында жолда жүру ережесіне аса зор мән беру керек екендігін ескерте кетті.

Жиын соңында гимназиямыздың психологы мен ата-аналар арасында буллинг және алдын алу тақырыбында және бүгінгі күнгі өзекті мәселер аясында пікірлесу жүрді. Жиналысты қорытындылай келе, мектеп пен ата-аналар бірлесе әрі ынтымақтаса әрекет ету арқылы сапалы білім мен саналы тәрбиеге қол жеткізуге болады деген шешімге келді.

"ӘКЕМ, АНАМ ЖӘНЕ МЕН" ОТБАСЫЛЫҚ ЭСТАФЕТА САЙЫСЫ

2024 жылы қыркүйектің 13 жұлдызында гимназиямызда "Отбасы күні" апталығы аясында 3-4 сынып ата-аналары арасында "Әкем, Анам және Мен" тақырыбында отбасылық эстафета сайысы өткізілді. Сайысқа ата-аналарда, балаларда белсенділікпен қатысып, жүлделі орындарға ие болып, дипломдар табыс етілді.

#біртұтастәрбие



ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖҰМЫСТАРЫ.

Гимназияда "Құқықбұзушылық және зорлық-зомбылықтың алдын алу" тақырыбында кездесу 8-10 сынып оқушыларымен өткізілді. Кездесу барысында оқушыларымен білім бөлімінің сектор меңгерушісі Сейдаханов Е.С мен аудандық прокурор Темірғали Д.М кездесу өткізді. Кездесу барысында бірінші орында тәртіптің, білімнің орын алуы мен құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша дәріс оқып, әкімшілік құқық бұзушылық жайлы ақпарат берді және құқықбұзушылық, зорлық-зомбылық, буллинг, электрондық темекінің зияны, өзара қарым-қатынас, қауіпсіздік ережелері, түнгі уақытта жүруге тыйым салынатындығы, ақша жинау, бопсалау мәселелері туралы айтылды.



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БІРІҢҒАЙ ТӘРБИЕ САҒАТТАРЫ

2024 жылдың 2 қыркүйегінде гимназиямызда республикалық бірыңғай тәрбие сағатын өтті. Мақсаты: білімге, елге деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімді қалыптастыру.

Сынып сағат аясында мемлекеттік рәміздерді құрметтеуді, ұлттық құндылықтарға деген құрмет сезімін ояту, адам өміріндегі бір-біріне деген құрмет пен сенімнің рөлін талқылады.



«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» РУБРИКАСЫ

Жыл сайын қыс басынан қарлы болып, малға панасы жоқ болғандықтан, бауырын жайлаған ел малын өлтіріп, өзге ел аман отырғанда, шолақ жұттың құрығынан құтылмайтын. Сондықтан бауырын мекен қылған ел көбінесе кедей болатын. Бұл жерді мекен қылған ел, ерте күннен аталарының қонысы болғандықтан және басқа ірге аударарлық жайлы жері жоқтықтан, «құдайына жылап» отыра беретін. Бұлардың жалғыз-ақ медеу қылатыны Арқалықтың егіндігі еді. (Бауыр сыртының шымы тұтас көделі жер болғандықтан, үй басының салған бірлі жарымды бөлтек егіні тәуір болып шығып, ұзақ қысқа қорек қылатыны сол болушы еді).



М.Әуезов. «Қорғансыздың күні»